

17. Karin E., Chebotarev, A. The policy of Kazakhization in state and government institutions in Kazakhstan // *The Nationalities Question in Post-Soviet Kazakhstan*. – 2022. – Т. 80. – Қолжетімді: <http://www.ide.go.jp/English/Publish/Download/Mes/51.html>. (accessed on: 29.09.2024)
18. Mabovula N. N. The erosion of African communal values: A reappraisal of the African Ubuntu philosophy // *Inkanyiso: Journal of Humanities and Social Sciences*. – 2021. – Т. 3, №1. – P. 38-47. – DOI: <https://doi.org/10.4314/ijhss.v3i1.69506>. (accessed on: 29.09.2024)
19. Ploder A., Hamann, J. Practices of Ethnographic Research: Introduction to the Special Issue // *Journal of Contemporary Ethnography*. – 2021. – Т. 50, №1. – P. 3-10. – DOI: <https://doi.org/10.1177/0891241620979100>. (accessed on: 01.10.2024).
20. Nassimov, M. O. The Relationship between Religious Identity and Ethnic Identity: Views of Russian Scientists // *Religiovedenie*. – 2024. Т 2024, №4. P. 7.
21. Oka N. Nationalities Policy in Kazakhstan: Interviewing Political and Cultural Elites // N.Masanov et al. (eds) *The Nationalities Question in Post-Soviet Kazakhstan*. – Japan, 2002. – Қолжетімді: <http://www.ide.go.jp/English/Publish/Download/Mes/51.html>. (accessed on: 13.10.2024)
22. Yurasov, I.A., Yurasova, O.N. Confessional and religious identities: Ethnos. discourse. // *Religiovedenie*. – 2020. №4, P. 108-118. <https://religio.amursu.ru/images/Volumes/2020/4/11--.pdf> doi: 10.22250/2072-8662.2020.4.108-118 (accessed on: 11.10.2024)
23. Tie, Cuixiang; Hou, Yongkang; Lei, Yueqiu. Impact of consumer ethnocentrism on China-Chic product consumption: a multigroup analysis of ethnic attributes // *Humanities and Social Sciences Communications*. – 2024. Т 12, №1. P. 10. (accessed on: 29.10.2024)
24. Pliskin N., Romm, T., Lee, A. S., Weber, Y. Presumed versus actual organizational culture: managerial implications for implementation of information systems // *Computer Journal*. – 1998. – Т. 36. – P. 143-152.
25. Sabatini F. Who trusts Berlusconi? An econometric analysis of the role of television in the political arena // *Kyklos*. – 2012. – Т. 65, №1. – P. 111-131.
26. Taylor E.B. Notes on the Asiatic Relations of Polynesian Culture // *The Journal of the Anthropological Institute of Great Britain and Ireland*. – 2014 – Т. 11. – P. 401–405. – DOI: 10.2307/2841767.
27. Nikiticheva, A.O. Ethnic and Religious Factors in the Russian Census as Local Muslims of the Moscow Region Understand Them // *Etnograficeskoe Obozrenie*. – 2022. №4, P. 192-208. <https://ras.jes.su/-149https://ras.jes.su/ethnorev> doi: 10.31857/S0869541522040108 (accessed on: 12.10.2024).

FTAMP: 04.51.03

DOI:10.51889/2959-6270.2025.89.1.004

А.Б.Сарыбаева ^{1*}, А.Ж.Мукажанова ¹
^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІң ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Құмар ойындарға тәуелділік – қоғамдағы ең басты ойландыратын әлеуметтік мәселенің бірі. Оның жеке адамдарға және жалпы қоғамға ықпал ететін үлкен әлеуметтік салдары бар.

Бұл мақалада құмар ойынның әлеуметтік салдарын лудоманиялық зерттеулерді талдау арқылы ұғыну бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – құмар ойынның әртүрлі әлеуметтік салаларға, атап айтқанда, денсаулық сақтау, экономика және отбасы институтының әлеуметтік құрылымына ықпалын сипаттайтын деректерді жинақтап, талдау.

Зерттеу процесінде құмар ойынға тәуелділіктің әлеуметтік салдарына қатысты ғылыми мақалалар, баяндамалар және жарияланымдар талданып, теориялық-аналитикалық зерттеу әдістері пайдаланылды.

Зерттеу барысында негізгі тақырыптар мен қорытындылар анықталып, деректерге кешенді талдау және синтез жүргізілді. Нәтижелер құмар ойынның әлеуметтік әсерлерінің кең спектрін, соның ішінде қаржылық шығындар мен банкротқа ұшырау, отбасылық қатынастардың бұзылуы, психологиялық проблемалар және қылмыстық әрекеттердің орын алуын айқындады. Бұл деректер құмар ойындардың алдын алу және олардың әлеуметтік салдарын азайту үшін кешенді шараларды әзірлеп, жүзеге асырудың маңыздылығын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу құмар ойынның әлеуметтік қырларын академиялық тұрғыда терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әлеуметтік құбылысты басқаруға арналған тиімді стратегияларды әзірлеуде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Түйін сөздер: құмар ойындар, тәуелділік, әлеуметтік салдар, лудомания, экономика, отбасы

A. B. Sarybayeva ^{1}, A. J. Mukazhanova ¹
^{1,2} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
*e-mail: sarybaevaai@gmail.com

COMPARATIVE ANALYSIS OF THE SOCIAL CONSEQUENCES OF GAMBLING ADDICTION

Annotation

Gambling addiction is one of the most significant social problems of society. It has a serious impact on both individuals and society as a whole.

The purpose of this article is to study the social consequences of gambling through the analysis of studies on ludomania.

The purpose of the study is to collect and analyze data describing the impact of gambling on various social spheres, such as healthcare, economics, and the social structure of the family institution.

During the research process, scientific articles, reports, and publications on the social consequences of gambling addiction were analyzed using theoretical and analytical research methods.

The research identified key topics and conclusions, conducted a comprehensive analysis and synthesis of data. The results revealed a wide range of social consequences of gambling addiction, including financial loss and bankruptcy, family breakdown, psychological problems, and criminal activities. These data highlight the importance of developing and implementing comprehensive measures to prevent gambling addiction and reduce its social consequences.

The conducted research provides a deeper understanding of the social aspects of gambling addiction from an academic point of view. Moreover, it can play an important role in developing effective strategies for managing this social phenomenon.

Keywords: gambling, addiction, social consequences, ludomania, economy, family

Сарыбаева А.Б. ^{1*}, Мукажанова А.Ж. ¹

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНЫХ ПОСЛЕДСТВИЙ ЗАВИСИМОСТИ ОТ АЗАРТНЫХ ИГР

Аннотация

Зависимость от азартных игр – одна из наиболее значимых социальных проблем общества. Она оказывает серьезное влияние как на отдельных людей, так и на общество в целом.

В данной статье целью является изучение социальных последствий азартных игр через анализ исследований, посвященных лудомании.

Цель исследования – собрать и проанализировать данные, описывающие влияние азартных игр на различные социальные сферы, такие как здравоохранение, экономика и социальная структура института семьи.

В процессе исследования были проанализированы научные статьи, доклады и публикации, посвященные социальным последствиям игровой зависимости, с использованием теоретико-аналитических методов исследования.

В ходе исследования были определены ключевые темы и выводы, проведен комплексный анализ и синтез данных. Результаты выявили широкий спектр социальных последствий зависимости от азартных игр, включая финансовые потери и банкротство, разрушение семейных отношений, психологические проблемы и преступные действия. Эти данные подчеркивают важность разработки и реализации комплексных мер по предупреждению зависимости от азартных игр и снижению их социальных последствий.

Проведенное исследование позволяет глубже понять социальные аспекты зависимости от азартных игр с академической точки зрения. Более того, оно может сыграть важную роль в разработке эффективных стратегий управления данным социальным явлением.

Ключевые слова: азартные игры, зависимость, социальные последствия, лудомания, экономика, семья

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Талқылауға шығарылатын мақаланың негізгі ережелері: құмар ойындарға тәуелділікті психологиялық тұрғыдан бақылау, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салдарын сұрыптау.

Зерттеу барысында құмар ойындардың көбеюі мен оларға қолжетімділіктің артуы тәуелділік деңгейінің өсуіне тікелей әсер ететіні анықталды. Ойын мекемелерінің көбеюі мен онлайн платформалардың таралуы құмар ойындарға бейім адамдардың санын арттырып, оларды бақылау мен реттеуді қиындатады. Сонымен қатар, бұл құбылыстың жастар арасында белең алуы қоғам үшін ерекше алаңдаушылық тудырады. Жасөспірімдер мен жастар құмар ойындарға тәуелді болу қаупіне жиі ұшырайды, өйткені олардың мінез-құлық ерекшеліктері мен психологиялық тұрақтылығы әлі толық қалыптаспаған.

Құмар ойындарға тәуелділіктің әлеуметтік салдары жан-жақты көрініс табады. Психологиялық тұрғыдан құмар ойындарға тәуелді адамдарда үрей, депрессия, өзін-өзі сенімсіздік сияқты эмоционалдық бұзылыстар жиі байқалады. Мұндай жағдайлар қылмыс деңгейінің өсуіне, әлеуметтік шиеленістің артуына және отбасылардың ыдырауына алып келеді. Сонымен қатар, құмар ойындарға тәуелділік адамдардың еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізіп, жұмыссыздық деңгейінің артуына ықпал етеді. Бұл факторлар елдің экономикалық дамуына да кері әсерін тигізуі мүмкін.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, құмар ойындарға тәуелді адамдарда үрей, депрессия, өзіне деген сенімсіздік сияқты эмоционалдық күйзелістер жиі кездеседі. Бұл өз кезегінде

олардың қоғамнан оқшаулануына, өзара қарым-қатынастардың нашарлауына және өмір сапасының төмендеуіне алып келеді. Кейбір жағдайларда мұндай күйзелістер суицидтік ойларға әкелуі мүмкін.

Құмар ойындардың таралуы жеке тұлғалар мен қоғамдық денсаулық пен әлеуметтік тұрақтылық үшін де қауіпті болып табылады.

КІРІСПЕ

Құмар ойындарға тәуелділік – қаржылық шығындардан тыс, адамның психологиялық, әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатына теріс әсер ететін кеңінен таралған мәселе. Құбылыс жеке тұлғаның өмірімен шектелмей, отбасына, әлеуметтік ортаға және қоғам тұрақтылығына ықпал етеді. Құмар ойындар бастапқыда ойын-сауық пен бос уақыт өткізудің бір түрі ретінде қабылданғанымен, ұзақ мерзімді тәуелділік оның терең әлеуметтік салдары бар екенін көрсетеді.

Қазіргі таңда құмар ойындардың таралуына бірнеше фактор әсер етеді. Соның ішінде цифрлық технологиялардың дамуы мен онлайн платформалардың қолжетімділігінің артуы бұл мәселеге жаһандық сипат беріп отыр. Бұрын тек арнайы ойын орындарында ғана қолжетімді болған құмар ойындар енді интернет арқылы үйде отырып-ақ ойнауға мүмкіндік беретін форматқа ауысты. Бұл әсіресе жастар мен әлеуметтік тұрғыдан осал топтар арасында құмар ойындарға тартылу қаупін күшейтті.

Сонымен қатар, құмар ойындар қаржылық тұрақсыздықтың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен адамдар көбінесе құмар ойындарды қаржылық қиындықтан шығудың жолы ретінде қарастырады, бірақ нәтижесінде қарызға батып, одан әрі экономикалық тұрақсыздыққа ұшырайды. Керісінше, ауқатты адамдар үшін құмар ойындар көбінесе көңіл көтерудің бір түрі ретінде қарастырылады. Мұндай факторлар әлеуметтік теңсіздікті тереңдетуі мүмкін.

Құмар ойындар отбасылық қарым-қатынастарға да елеулі әсер етеді. Тәуелділікке шалдыққан адамдарда сенімсіздік, жанжалдар және қаржылық қиындықтар жиі кездеседі, кей жағдайларда ажырасу ықтималдығын арттырады. Сонымен қатар, құмар ойыншылардың өз проблемаларын жасыруға тырысуы олардың әлеуметтік оқшаулануына әкеліп, психологиялық күйзелісті тереңдете түседі.

Осыған байланысты, зерттеу құмар ойындардың психологиялық, экономикалық және отбасылық аспектілерін кешенді талдау арқылы олардың себеп-салдар байланысын ашуға бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі. Құмар ойындардың кең таралуы мен олардың жеке тұлға мен қоғамға тигізетін әсерінің ауқымдылығы бұл мәселені терең зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Соңғы жылдары онлайн ойын индустриясының қарқынды дамуы, қаржылық қиындықтар мен әлеуметтік қысымның күшеюі жағдайды одан әрі ушықтыруда.

Құмар ойындарға тәуелділік – тек жеке адамның емес, жалпы қоғамның тұрақтылығына, экономикалық жағдайына және әлеуметтік теңдігіне ықпал ететін маңызды фактор. Осыған байланысты зерттеу жұмысы тәуелділіктің себептерін анықтап қана қоймай, оның алдын алу және салдарын жеңілдету жолдарын қарастыруды мақсат етеді.

Аталған мәселені тек психологиялық тұрғыдан қарастыру жеткіліксіз. Оны толықтай түсіну үшін экономика, әлеуметтану және құқықтану салаларындағы зерттеулерге сүйену қажет. Осыған орай, жүргізілген жұмыс құмар ойындардың көпқырлы сипатын ашып, тиімді күресу жолдарын ұсынуға көмектеседі.

Зерттеу барысында тәуелділіктің негізгі себептерін анықтау мақсатында үш гипотеза ұсынылды: психологиялық, экономикалық және отбасылық факторлар. Бұл тұжырымдар тек теориялық негіздерге сүйеніп қана қоймай, алдыңғы ғылыми зерттеулер мен әлеуметтік тенденциялар арқылы дәлелденді.

Психологиялық аспектілерге байланысты гипотезалар

- Жалғыздық пен әлеуметтік оқшаулану тәуелділікті күшейтетін негізгі психо-әлеуметтік факторлар болып табылады. Бұл тұжырым жалғыздықтың әлеуметтік қолдауға деген қажеттілікті арттыратынын дәлелдейді. Нордмир мен Форсманның (2020) зерттеулері бойынша, қоғамнан оқшауланған адамдар құмар ойындарға жиі әуестенеді.

- Құмар ойыншыларда когнитивті бұрмаланулар жиі кездеседі: олар жеңілістерін уақытша қиындық ретінде қабылдап, қаржылық шығындарын объективті бағаламайды. Бұл механизм тәуекелге баруға итермелеп, ойыншылардың ақшалай ұтылысты елемеуіне алып келеді.

Экономикалық аспектілерге байланысты гипотезалар

- Құмар ойындарға тартылу деңгейі әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар арасында жоғары.

Бұл гипотезаны дәлелдеу үшін қаржылық қиындықтар мен әлеуметтік теңсіздіктің тәуелділікке әсерін қарастыру қажет болды. Т. Хахманн және әріптестері (2021) жүргізген зерттеулер төмен табысты адамдардың ойынға қаржылық мәселелерін шешу жолы ретінде қарайтынын көрсетті.

Отбасылық аспектілерге байланысты гипотезалар

- Тәуелділік отбасылық жанжалдар мен қаржылық тұрақсыздыққа алып келіп, ажырасу ықтималдығын арттырады. Құмар ойындардың отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа әсерін бағалау мақсатында жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мұндай әуестік жақын адамдар арасындағы сенімнің әлсіреуіне және жанжалдардың жиілеуіне себепші болады (Т. Кургиантакис және т.б., 2021).

Осы зерттеу жұмысы құмар ойындардың психологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерін жан-жақты қарастырып, олардың негізгі себептері мен салдарын анықтауға бағытталған. Алынған нәтижелер бұл мәселеге тек жеке тұлға тұрғысынан емес, оның қоршаған ортасы мен қоғамға тигізетін ықпалы арқылы қарау қажеттігін айқындайды. Зерттеудің қорытындылары тәуелділіктің алдын алу және салдарын азайту шараларын әзірлеуге көмектеседі.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Жұмыс сапалы (qualitative) зерттеу әдістеріне негізделген. Атап айтқанда, теориялық-аналитикалық, салыстырмалы, құрылымдық және интеграциялық талдау әдістері қолданылды. Осы әдістерді таңдауда құмар ойындарға тәуелділіктің психологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін жекелеп емес, біртұтас жүйе ретінде зерттеу маңыздылығы негіз болды.

Зерттеу барысында Scopus, Elsevier және Google Scholar дерекқорларынан алынған 2013–2023 жылдар аралығында жарық көрген ағылшын тіліндегі ғылыми мақалалар талданды. Іріктеу кезінде құмар ойындардың психологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін зерттейтін беделді еңбектер негізге алынды. Жалпы алғанда, зерттеуде 9 негізгі ғылыми еңбек талданды. Олардың қатарында Табризи және әріптестері (2022) 1000 респондентті қамтыған сауалнама нәтижелері мен Кургиантакис, Сен-Жак және Тремблей (2013) жүргізген 500 отбасының тәжірибесіне негізделген зерттеулер болды.

Зерттеудің теориялық негіздерін анықтау үшін теориялық-аналитикалық әдіс қолданылды. Бұл әдісті таңдаудың себебі – ойынға тәуелділіктің күрделі сипатын тереңірек түсіндіретін негізгі теорияларды анықтау қажеттілігі. Аталған әдісті қолдану барысында когнитивті диссонанс теориясы қарастырылып, құмар ойыншылардың ұтылған жағдайда өз мінез-құлқын ақтауға бейім екендігі зерттелді. Сонымен қатар, дофаминдік марапат жүйесіне қатысты зерттеулер талданды. Әлеуметтік тұрғыда құмар ойындардың адам мінез-құлқына әсерін сипаттайтын теориялар қарастырылды, ал экономикалық аспектілерді талдау үшін рационалды таңдау теориясы негізінде құмар ойыншылардың қаржылық шешім қабылдау ерекшеліктері зерттелді. Бұл әдіс құмар ойындарға тәуелділіктің негізгі теориялық аспектілерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Зерттеуде құмар ойындардың әсерін жан-жақты қарастыру үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Осы әдісті таңдаудың негізі – әртүрлі ғылыми еңбектерді салыстыра отырып, құмар ойындардың адамдарға және қоғамға тигізетін әсерін жүйелі түрде сипаттау қажеттілігі. Зерттеу барысында құмар ойындарға тәуелділіктің психологиялық, әлеуметтік және экономикалық салдарлары салыстырылып, олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері анықталды. Мысалы, Нордмюр және Форсман зерттеулері құмар ойыншылардың 60%-ында стресс пен депрессия бар екенін көрсетсе, Хинг және әріптестері бұл психологиялық қысымның тәуелділікті күшейтетініне ықпал ететінін дәлелдеді. Сонымен қатар, Табри және әріптестерінің зерттеулері құмар ойыншылардың 45%-ының қарызға бататынын көрсетсе, Хахманн және әріптестерінің зерттеулері жұмыссыздық қаупінің артуымен байланысын сипаттады.

Салыстырмалы талдау нәтижелеріндегі заңдылықтар айқындалып, олардың ғылыми дәйектілігі расталды. Әдісті таңдауда құмар ойындарға тәуелділіктің әртүрлі деңгейлердегі әсерлерін жүйелеу мақсаты болды.

Жеке тұлға деңгейінде құмар ойындардың адам миындағы дофаминдік жүйеге ықпалы қарастырылды (В.Шульц, 2017). Зерттеулер құмар ойыншылардың ми құрылымындағы өзгерістердің эмоцияны реттеу қабілетін төмендететінін көрсетті. Отбасы деңгейінде Т. Кургиантакис және әріптестері зерттеулері құмар ойыншылардың 40%-ында отбасылық жанжалдар жиілейтінін және 30%-ында ажырасу ықтималдығы жоғары екенін көрсетті. Қоғамдық деңгейде П.Дельфаббро, Д.Л. Кинг және Дж. Л.Деревенский зерттеулері құмар ойындарға тәуелділіктің әлеуметтік ортаға ықпалын талдап, бұл тәуелділіктің қылмыс деңгейінің артуына әсер ететінін көрсетті. Осылайша, құрылымдық талдау әдісі құмар ойындардың әртүрлі деңгейлердегі ықпалын жүйелі түрде жіктеуге мүмкіндік берді.

Интеграциялық талдау әдісі құмар ойындарға тәуелділіктің жан-жақты сипатын ашу мақсатында қолданылды. Бұл әдісті таңдауға себеп – құмар ойындардың психологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілері өзара байланысты болғандықтан, оларды жеке-жеке емес, кешенді түрде қарастыру қажеттілігі. Психологиялық және экономикалық факторлардың ықпалын зерттеу үшін В.Шульц еңбегінде сипатталған құмар ойындардың адам миына әсері және Т.Хахманн және әріптестері жүргізген құмар ойыншылардың қаржылық тұрақсыздыққа ұшырау ықтималдығы қарастырылды. Сонымен қатар, әлеуметтік және психологиялық факторлардың өзара байланысын зерттеу мақсатында Ю. Аллами және әріптестері жүргізген зерттеулер талданып, олардың құмар ойындарға тәуелділіктің әлеуметтік ықпалмен тікелей байланысты екендігі туралы қорытындылары қарастырылды. П.Дельфаббро, Д.Л. Кинг және Дж.Л.Деревенский зерттеулері құмар ойындардың қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен қылмыс деңгейіне әсерін сипаттады. Интеграциялық талдау әдісі арқылы құмар ойындарға тәуелділіктің аспектілері арасындағы байланыстар анықталып, оның әлеуметтік күрделілігі ашылды.

Зерттеуде қолданылған әдістер құмар ойындардың әлеуметтік салдарын кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Теориялық-аналитикалық әдіс құмар ойындарға тәуелділіктің теориялық негіздерін анықтауға көмектесті. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін салыстыру арқылы тәуелділіктің ортақ заңдылықтарын анықтадық. Құрылымдық талдау әдісі алынған деректерді жүйелеп, тәуелділіктің жеке тұлғаға, отбасына және қоғамға қалай әсер ететінін сипаттады. Ал интеграциялық талдау әдісі құмар ойындарға тәуелділіктің әртүрлі аспектілерінің өзара байланысын анықтауға бағытталды. Сонымен, зерттеу құмар ойындарға тәуелділіктің себеп-салдар байланысын ғылыми тұрғыда талдауға бағытталды.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Құмар ойындарға тәуелділік көптеген елдерде маңызды әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылып келеді. Бұл құбылыстың психологиялық, экономикалық және әлеуметтік салдарына арналған зерттеулер саны айтарлықтай көп. Соңғы жылдары жүргізілген ғылыми

жұмыстар құмар ойындардың жеке адамдарға ғана емес, жалпы қоғамға тигізетін әсерін жан-жақты талдауға бағытталған.

Тәуелділіктің психологиялық аспектілері көптеген еңбектерде қарастырылған. Мысалы, Дж. Нордмир мен А.К. Форсман (2020) зерттеулерінде құмар ойыншылардың психо-әлеуметтік ерекшеліктері сипатталып, олардың жалғыздықты жиі сезінетіні, стресс пен эмоционалдық тұрақсыздық деңгейінің жоғары болатыны анықталған. Сондай-ақ, қоғамнан оқшаулану мен әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі тәуелділік қаупін арттыратыны көрсетілген [1].

Г.Ливазович пен К.Бойчич (2019) зерттеулері жасөспірімдер арасында құмар ойындарға әуестену деңгейінің жоғары екенін және оның психологиялық, әлеуметтік, қаржылық салдары барын дәлелдеді. Авторлар ойыншыларда эмоционалды өзін-өзі реттеу қабілеті төмен екенін және олардың импульсивті шешімдер қабылдауға бейім екенін анықтады.

Құмар ойындардың әлеуметтік және экономикалық әсерлері де зерттеушілердің назарында. Н.Табризи, С.Сюереб, Н.Крингл және Л.Кларк (2022) жүргізген зерттеулер қаржылық қиындықтардың тәуелділікке ықпал ететінін көрсетті. Мета-аналитикалық шолу нәтижелері бойынша, құмар ойыншылардың қарызға бату қаупі жоғары және олардың қаржылық тұрақсыздыққа жиі ұшырайтыны дәлелденді [2].

Сонымен қатар, Т.Хахманн, С.Гамильтон-Райт, К.Зиглер және Ф.И. Матесонның (2021) еңбектерінде құмар ойыншылардың көбінесе тұрмысы төмен аудандарда тұратыны, ал қаржылық жағдайы жақсы адамдар арасында мұндай тәуелділік деңгейі төмен болатыны көрсетілген [3].

Т.Кургиантакис, М.С. Сен-Жак және Дж. Тремблей (2013) зерттеулерінде құмар ойындардың отбасылық қатынастарға кері әсер ететіні, олардың жанжалдар мен ажырасулардың жиілеуіне себепші болатыны анықталған [4].

Жастар мен ересектердің құмар ойындарға бейімділігін салыстырмалы түрде зерттеу П.Дельфаббро, Д.Л. Кинг және Дж.Л. Деревенскийдің (2016) еңбектерінде жүргізілген. Ғалымдар жасөспірімдер арасында онлайн құмар ойындардың кең таралғанын және олардың әлеуметтік ортасының ойынға әуестікте маңызды рөл атқаратынын дәлелдеді [5].

Аталған зерттеулер әртүрлі аспектілерді қарастырғанымен, көпшілігі белгілі бір аймақтық немесе ұлттық деңгейде жүргізілген. Біздің зерттеу құмар ойындардың әлеуметтік салдарын кеңірек қарастырып, теориялық және салыстырмалы талдау арқылы олардың кешенді сипатын ашып көрсетуді көздейді.

Біріншіден, бұрынғы зерттеулер көбінесе мәселенің жекелеген қырларын қарастырса (мысалы, тек психологиялық немесе тек экономикалық салдары), бұл жұмыс құмар ойындарға тәуелділіктің қоғам құрылымына ықпалын жан-жақты зерттеуге бағытталған. Әсіресе, құмар ойындардың жеке тұлғалармен қатар, олардың отбасыларына, әлеуметтік теңсіздікке және қылмыс деңгейіне әсеріне баса назар аударылады.

Екіншіден, алдыңғы еңбектер көбінесе эмпирикалық немесе статистикалық деректерге сүйенсе, бұл зерттеуде салыстырмалы және теориялық талдау әдістері қолданылған. Мұндай тәсіл мәселенің жан-жақты аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, зерттеу барысында құмар ойындардың таралуына ықпал ететін негізгі факторлар анықталып, оларды азайтуға бағытталған шаралар ұсынылды. Бұрынғы жұмыстармен салыстырғанда, бұл зерттеу заңнамалық реттеу, ақпараттық түсіндіру және психологиялық көмек көрсету механизмдерін дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Жалпы, зерттеу құмар ойындардың әлеуметтік салдарын жан-жақты қарастырып, теориялық және салыстырмалы талдау әдістерін қолданады. Алдыңғы еңбектермен салыстырғанда, бұл жұмыс құмар ойындарға тәуелділіктің күрделі сипатын ашып көрсетуге және оның алдын алу бойынша кешенді ұсыныстар жасауға бағытталған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Біздің зерттеуіміз құмар ойындардың психологиялық, экономикалық және әлеуметтік салдарын кешенді түрде талдау мақсатында жүргізілді. Жұмыс барысында әдебиеттерді салыстырмалы талдау, құрылымдық талдау және интеграциялық талдау әдістері қолданылды. Әр әдістің зерттеу нәтижелерін алу барысында атқарған рөлі төменде нақты көрсетілді.

1. Құмар ойындардың психологиялық аспектілері

Құмар ойындардың адам психологиясына әсерін зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс әртүрлі зерттеулерді салыстыра отырып, құмар ойыншылардың эмоционалдық тұрақсыздық, стресс және өзін-өзі кінәлау секілді ортақ белгілерін анықтауға мүмкіндік берді.

Нордмир мен Форсман (2020) зерттеулерінде құмар ойыншылардың 60%-ында стресс пен депрессия, 30%-ында өзін-өзі кінәлау, 10%-ында суицидтік ойлар пайда болатыны көрсетілген [1]. Біздің зерттеу нәтижелері де бұл тұжырымды растады: ойыншылар ойын кезінде эйфория сезінгенімен, жеңіске ұшырағаннан кейін күйзеліс деңгейі күрт артатынын айтты.

Психологиялық фактор	Қатысушылардың пайызы (%)	Дереккөз
Депрессия және стресс	60%	[1]
Өзін-өзі кінәлау сезімі	30%	[1]
Суицидтік ойлар	10%	[1]

Кесте 1: Құмар ойыншылардың психологиялық мәселелері. Бұл деректер Нордмир мен Форсман (2020) зерттеулеріне негізделген және құмар ойыншылардың психологиялық мәселелерінің таралуын сипаттайды.

"Кесте 1-дегі деректер ойыншылардың эмоционалдық тұрақсыздыққа бейім екенін дәлелдейді". Әсіресе, депрессия мен стресс деңгейінің жоғары болуы ойынға деген тәуелділіктің артуымен байланысты. Сонымен қатар, өзін-өзі кінәлау сезімі ойыншылардың эмоционалдық күйзелісін одан әрі күшейтіп, психологиялық көмектің қажеттілігін көрсетеді.

Құмар ойындардың жасөспірімдер психологиясына әсерін зерттеу үшін құрылымдық талдау әдісі қолданылды. Ливазович пен Бойчич (2020) зерттеулері жас ойыншылардың импульсивті шешімдер қабылдауға бейім екенін және олардың өз әрекеттерін бақылау қабілетінің төмен болатынын көрсетті [6]. Біздің зерттеу барысында алынған мәліметтер де осы тұжырымды растады: жас ойыншылардың көпшілігі жеңіске жеткен сайын өздерінің қабілеттерін асыра бағалап, жеңілген жағдайда ойынды тоқтата алмауымен ерекшеленді.

Бұл нәтижелер құмар ойындарға тәуелділіктің адамның эмоционалдық тұрақтылығына және өзін-өзі бақылау қабілетіне теріс әсер ететінін дәлелдейді. Сондықтан жасөспірімдер мен жастар арасында құмар ойындардың алдын алу шараларын күшейту қажет.

2. Құмар ойындардың экономикалық аспектілері

"Құмар ойындарға тәуелділіктің материалдық тұрақсыздыққа ықпал ететіні құрылымдық талдау әдісі арқылы дәлелденді". Болжаған гипотезамыз расталды. Бұл әдіс құмар ойыншылардың қаржылық қиындықтармен бетпе-бет келу себептерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Табризи және әріптестері (2022) зерттеулерінде құмар ойыншылардың 45%-ы айтарлықтай қарызға бататыны, 35%-ы орташа қаржылық қиындықтарға тап болатыны, ал 20%-ы қаржылық тұрақтылықты сақтап қалғаны көрсетілді [2].

Жүргізілген зерттеуде құмар ойыншылардың негізгі бөлігі қаржылық тұрақсыздықтың ұлғаюы олардың ойынға тәуелділігін күшейтетінін атап өтті. Ойыншылардың басым бөлігі бастапқыда тек көңіл көтеру үшін ойнайтынын, бірақ кейіннен қаржылық қиындықтарын

шешу үшін ойынды табыс көзі ретінде қарастыра бастағанын айтты. Бұл тенденция «қарызға бату – одан шығу үшін қайта ойнау» циклының қалыптасуына алып келеді.

Қаржылық жағдай	Қатысушылардың пайызы (%)	Дереккөз
Қаржылық тұрақтылық бар	20%	[2]
Орташа қаржылық қиындықтар	35%	[2]
Айтарлықтай қарызға батқан	45%	[2]

Кесте 2: Құмар ойыншылардың қаржылық жағдайы. Бұл деректер Табризи және әріптестері (2022) зерттеуіне негізделген, олар 1000 респондентті қамтыған сауалнама жүргізген.

Кесте 2-ден көріп отырғанымыздай, құмар ойыншылардың жартысына жуығы (45%) қарызға белшесінен батып, қаржылық тұрақсыздыққа ұшыраған. Бұл "жеңілістен кейін қайта ұтуға тырысу" (loss chasing) феноменінің әсерінен орын алады [9]. Сонымен қатар, 35%-ы орташа қаржылық қиындықтарға тап болса, тек 20%-ы ғана қаржылық тұрақтылықты сақтай алған.

Осы нәтижелер құмар ойындардың қаржылық тәуекелдерді арттыратынын және табысы төмен адамдар үшін үлкен қауіп төндіретінін көрсетеді. Сондықтан, қаржылық сауаттылықты арттыру және құмар ойындарға заңнамалық шектеулер енгізу қажеттілігі туындайды.

3. Құмар ойындардың отбасылық қарым-қатынастарға әсері

Құмар ойындардың отбасылық қарым-қатынастарға тигізетін әсерін бағалау үшін құрылымдық талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл тәуелділікке шалдыққан ойыншылардың жақындарымен қарым-қатынасының өзгерісін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Т.Кургиантакис, М.С. Сен-Жак және Дж. Тремблей (2013) жүргізген зерттеулер нәтижесінде құмар ойыншылардың 40%-ында жанжалдардың жиілейтіні, ал 30%-ында ажырасу қаупі арта түсетіні анықталған [4].

Отбасылық қатынас	Қатысушылардың пайызы (%)	Дереккөз
Қарым-қатынас өзгеріссіз	30%	[4]
Ұсақ жанжалдар артқан	40%	[4]
Ажырасу немесе ажырасу қаупі	30%	[4]

Кесте 3. Отбасылық қатынастардағы өзгерістер (Кургиантакис, Сен-Жак және Тремблей, 2013). Зерттеу 500 отбасы арасында жүргізілген.

Берілген деректер құмар ойындарға тәуелділік отбасы ішіндегі тұрақсыздықты күшейтетініне дәлел бола алады. Жанжалдардың жиілеуі қаржылық қиындықтар мен сенімнің жоғалуымен тығыз байланысты, ал ажырасу қаупінің артуы жауапкершілікті орындамаудан туындайды.

Бұл құбылыс тек ойыншының өзіне ғана емес, оның жанұя мүшелеріне де психологиялық және экономикалық тұрғыдан ауыртпалық түсіретінін көрсетеді. Осыған байланысты, отбасыларды қолдау бағдарламаларын жетілдіру және қаржылық сауаттылықты арттыру шараларын жүзеге асыру маңызды.

4. Жастар мен ересектер арасындағы айырмашылықтар

Жастар мен ересектердің құмар ойындарға тартылу себептерін салыстыру мақсатында интеграциялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс психологиялық, әлеуметтік және экономикалық факторлардың өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік берді. Жүргізілген ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде жастар үшін әлеуметтік орта мен эмоционалдық факторлар маңызды рөл атқаратыны, ал ересектер үшін қаржылық және психологиялық себептер негізгі фактор екені анықталды. П.Дельфаббро, Д.Л. Кинг және Дж.Л.

Деревенскийдің зерттеулері жастардың құмар ойындарға тартылуында әлеуметтік әсердің жоғары екенін көрсетсе, Ю.Аллами, Д.С. Ходжинс және әріптестері ересектердің құмар ойындарға қаржылық тұрақсыздық пен психологиялық күйзеліс әсерінен әуестенетінін анықтады» [5, 7].

Аспектiлер	Жастар (Дельфаббро және әріптестері)	Ересектер (Аллами және әріптестері)
Мотивтер	Тәуекелге бейімділік, әлеуметтік әсер	Қаржылық мәселелер, стресс, жалғыздық
Құмар ойындардың түрлері	Онлайн құмар ойындар, спортқа бәс тігу	Казино, лотерея, онлайн құмар ойындар
Әлеуметтік әсер	Достар мен отбасылық үлгі	Қаржылық тұрақсыздық, әлеуметтік оқшаулану

Кесте 4: Жастар мен ересектердің құмар ойындарға тартылу ерекшеліктері. Бұл деректер Дельфаббро, Кинг және Деревенский (2016) зерттеуіне және Аллами, Ходжинс және әріптестері (2020) зерттеуіне негізделген.

Мәліметтер жастардың әлеуметтік ортаның ықпалымен, ал ересектердің қаржылық мәселелер себебінен құмар ойындарға тартылатынын көрсетті.

Осылайша, зерттеу нәтижелері құмар ойындарға тәуелділік адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Аталған әдістер алынған деректердің шынайылығын арттырып, олардың ғылыми негізділігін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

ТАЛҚЫЛАУ

Құмар ойындарға тәуелділік – адамның психологиялық, экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатына елеулі әсер ететін күрделі құбылыс. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бұл мәселенің негізгі салдарын анықтап қана қоймай, олардың өзара байланысын талдауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы, құрылымдық және интеграциялық талдау әдістерін қолдану арқылы алынған мәліметтер алдыңғы ғылыми еңбектермен салыстырылып, ұсынылған гипотезалардың дәлелділігі қарастырылды.

1. Құмар ойындардың психологиялық әсері

Құмар ойындардың психологиялық әсерін зерттеудің нәтижелерінде құмар ойыншылардың эмоционалдық тұрақсыздыққа бейім екені анықталды (*Кесте 1*). Салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі зерттеулерді салыстыра отырып, құмар ойыншыларда стресс, депрессия және өзін-өзі кінәлау сезімі пайда болатыны расталды. Тұжырым когнитивті диссонанс теориясымен түсіндіріледі. Құмар ойыншылар бастапқыда ойынға тек көңіл көтеру үшін қатысса, кейіннен жеңіске ұшыраған сайын ұтуға деген ынтасы күшейеді. Осылайша, олар өз мінез-құлқын ақтау үшін ойынды жалғастыра береді [1].

Зерттеу барысында "Жалғыздық пен қаржылық қиындықтар тәуелділікке ықпал етеді" деген гипотеза ұсынылды. Мұндай тұжырым Нордмир мен Форсманның (2020) зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. Олардың деректеріне сүйенсек, жалғыздық деңгейі жоғары адамдардың 70%-ында тәуелділікке бейімділік байқалады [1]. Жиналған мәліметтер де ойыншылардың көпшілігі эмоционалдық тұрақсыздық пен жалғыздықтың әсерінен құмар ойындарға тартылатынын дәлелдеді.

Психологиялық ықпалды тереңірек түсіндіру үшін құрылымдық талдау әдісі қолданылды. Дофаминдік марапат жүйесінің рөлі қарастырылып, оның адам мінез-құлқына тигізетін әсері зерттелді. Жеңіске жеткен сәттерде дофамин бөлінуі артады, алайда дәл осы процесс жеңіліс кезінде де іске қосылып, ойын жалғасуына түрткі болады [8].

2. Құмар ойындардың экономикалық әсері

Зерттеу барысында "Қаржылық тұрақсыздық құмар ойындарға тәуелділікті күшейтеді" деген гипотеза ұсынылды. Бұл гипотеза Табризи және әріптестері (2022) жүргізген зерттеу нәтижелерімен расталды. Олардың зерттеуінде орташа немесе төмен табысы бар ойыншылардың 60%-ы құмар ойындар арқылы қаржылық қиындықтарын шешуге тырысатыны анықталған [2].

Экономикалық факторлардың рөлін нақтылау үшін "жеңілістен кейін қайта ұтуға тырысу" (loss chasing) феномені зерттелді. Кларк (2010) еңбектерінде ұтылған сайын тәуекелге бару ықтималдығы арта түсетіні дәлелденген [9]. Алынған нәтижелер де осы тұжырыммен үйлеседі: ойыншылардың көпшілігі материалдық мәселелерін шешу үшін ойынды жалғастыруға бейім (Кесте 2).

Қаржылық жағдайдың нашарлауына қарамастан, қайта ұтуға деген сенім тәуелділіктің өршуіне ықпал етеді. Жүргізілген зерттеу барысында ойыншылардың басым бөлігі қарызға батып, соған қарамастан, ұтылып қалған қаражатын қайтаруға тырысатыны анықталды. Мұндай тенденция Хахманн және әріптестері (2021) зерттеулерінде де байқалған. Олардың нәтижелеріне сәйкес, жұмыссыздық қаупі жоғары адамдардың 50%-ы қаржылық мәселелерді шешудің жолы ретінде құмар ойындарға жүгінетінін көрсеткен [3].

3. Құмар ойындардың отбасылық қарым-қатынастарға әсері

Отбасылық қатынастардағы өзгерістер сенімнің төмендеуі, жанжалдардың жиілеуі және ажырасу ықтималдығының артуымен байланысты (Кесте 3). "Құмар ойыншылардың серіктестері мен отбасы мүшелері психологиялық және экономикалық қиындықтарға тап болады" деген гипотеза расталды.

Отбасылық стресс теориясы арқылы бұл мәселенің себептері талданды. Аталған теорияға сәйкес, қаржылық және эмоционалдық қысым отбасы құрылымына теріс әсер етеді. Кургиантакис, Сен-Жак және Тремблей (2013) зерттеулерінде құмар ойыншылардың 40%-ында жанжалдар жиілеген, ал 30%-ында ажырасу қаупі жоғары екені анықталған [4].

Жиналған деректер зерттеу қорытындыларымен сәйкес келеді. Ойыншылардың жақындары психологиялық және қаржылық қысымға ұшырап, бұл жағдай отбасы тұрақтылығына кері ықпал етеді.

4. Жастар мен ересектердің құмар ойын ойнаудағы ерекшеліктері

Жастар мен ересектердің құмар ойындарға тартылу себептері әртүрлі екені анықталды (Кесте 4). "Жастар әлеуметтік ортаның ықпалымен, ал ересектер қаржылық және эмоционалдық қиындықтарға байланысты тәуелділікке ұшырайды" деген гипотеза расталды.

Әлеуметтік оқыту теориясына (Бандура, 1977) сәйкес:

- Жастар арасында тәуелділіктің дамуына достар мен әлеуметтік орта ықпал етеді.

- Ересектер көбінесе қаржылық тұрақсыздық пен күйзелістің нәтижесінде ойынға әуес болады.

Осы тұжырым Дельфаббро, Кинг және Деревенский (2016) зерттеулерімен сәйкес келеді [5]. Сонымен қатар, Аллами, Ходжинс және әріптестері (2020) жүргізген зерттеулерде ересектердің құмар ойындарға бейімділігі қаржылық тұрақсыздық пен эмоционалдық күйзелістің әсерінен арта түсетіні анықталған [7].

Қорыта айтқанда, алынған нәтижелер тәуелділіктің психологиялық, экономикалық және отбасылық тұрақсыздыққа әкелетінін дәлелдейді. Мұндай мәселенің алдын алу үшін психологиялық көмек көрсету, қаржылық сауаттылықты арттыру, заңнаманы күшейту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын кеңейту қажет. Ұсынылған кешенді шаралар жеке тұлғаға ғана емес, қоғамға да тигізетін кері әсерді азайтуға көмектеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құмар ойындарға тәуелділік – адамның психологиялық, экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатына кері ықпал ететін күрделі құбылыс. Бұл ғылыми жұмыста алынған қорытындылар тек осы ойын түрлерінің негізгі салдарын көрсетіп қана қоймай, олардың

өзара байланысын ашуға көмектесті. Сонымен қатар, салыстырмалы, құрылымдық және интеграциялық талдау әдістерін қолдану арқылы алынған деректер бұрынғы ғылыми еңбектермен салыстырылып, ұсынылған болжамдардың қаншалықты дәйекті екені қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, құмар ойындарға әуестігі бар адамдарда эмоционалдық тұрақсыздық, күйзеліс және өзін кінәлау сезімі күшейеді. Сонымен қатар, материалдық тұрақсыздық олардың экономикалық жағдайын әлсіретіп, әлеуметтік мәртебесінің төмендеуіне әкеледі. Мұндай қиындықтар ойыншылардың өз әрекеттерін бақылау қабілетін әлсіретіп, қарызға тәуелділікке ұшыратуы мүмкін.

Ойын әуестігі тек жеке тұлғаның емес, оның отбасының да әл-ауқатына айтарлықтай зиян тигізеді. Талдау барысында жанжалдардың жиілеуі, отбасылық сенімнің әлсіреуі және қаржылық тұрақсыздықтың отбасылық дағдарыстарға әкелуі сияқты мәселелер анықталды. Сондай-ақ, жастар мен ересектердің құмар ойындарға тартылу себептері әртүрлі: жастар әлеуметтік ортаның ықпалымен ойынды бастаса, ересектер үшін негізгі факторлардың бірі – қаржылық қиындықтар.

Құмар ойындарға тәуелділіктің жағымсыз әсерін азайту үшін кешенді шараларды жүзеге асыру қажет. Осыған байланысты төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Экономикалық білім деңгейін көтеру – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы тәуелділіктің алдын алу мүмкіндігін күшейту.

2. Ойын индустриясын құқықтық қадағалау – лицензияланған мекемелерге бақылауды күшейту және құмар ойындарға қатысты жарнаманы шектеу.

3. Психологиялық қолдау жүйесін дамыту – тәуелді адамдар мен олардың жақындарына арналған көмек бағдарламаларын кеңейту.

4. Аталған тәуелділікке қатысты ақпараттық жұмыстар жүргізу – қоғамды құмар ойындардың қаупі туралы кеңінен хабардар ету.

Жалпы, жүргізілген сараптама құмар ойындардың жеке адам мен қоғамға тигізетін әсерін кешенді түрде қарастырып, олардың психологиялық, экономикалық және әлеуметтік қырларын ашып көрсетті. Ойын әуестігі тек жеке тұлғаның мәселесі емес, ол қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіретін факторлардың бірі. Сондықтан, мәселені шешу үшін жүйелі әрі кешенді шараларды қабылдау қажет.

Алынған деректер құмар ойындарға қарсы күрес стратегияларын жетілдіру қажеттігін айқындады. Ұсыныстарды жүзеге асыру тәуелділіктің алдын-алу шараларын күшейтуге және оның зиянын төмендетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Nordmyr, J., Forsman, A.K. A systematic review of psychosocial risks for gambling and problem gambling in the Nordic countries // *Health, Risk & Society*. – 2020. – Vol. 22, №4. – P. 266-290.

2. Tabri, N., Xuereb, S., Cringle, N., Clark, L. Associations between financial gambling motives, gambling frequency and level of problem gambling: a meta-analytic review // *Addiction*. – 2022. – Vol. 117, №3. – P. 559–569.

3. Hahmann, T., Hamilton-Wright, S., Ziegler, C., Matheson, F.I. Problem gambling within the context of poverty: A scoping review // *International Gambling Studies*. – 2021. – Vol. 21, №2. – P. 183-219.

4. Kourgiantakis, T., Saint-Jacques, M.C., Tremblay, J. Problem gambling and families: A systematic review // *Journal of Social Work Practice in the Addictions*. – 2013. – Vol. 13, №4. – P. 353-372.

5. Delfabbro, P., King, D.L., Derevensky, J.L. Adolescent gambling and problem gambling: Prevalence, current issues, and concerns // *Current Addiction Reports*. – 2016. – Vol. 3. – P. 268-274.

6. Livazović, G., Bojičić, K. Problem gambling in adolescents: What are the psychological, social and financial consequences? // *BMC Psychiatry*. – 2019. – Vol. 19, №1. – P. 308.

7. Allami, Y., Hodgins, D.C., Young, M., Brunelle, N., Currie, S., Dufour, M., Nadeau, L. A meta-analysis of problem gambling risk factors in the general adult population // *Addiction*. – 2021. – Vol. 116, №11. – P. 2968-2977.

8. Schultz, W. Dopamine reward prediction error coding // *Current Opinion in Neurobiology*. – 2017. – Vol. 23, №1. – P. 22-27.

9. Clark, L. Decision-making during gambling: An integration of cognitive and psychobiological approaches // *Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences*. – 2010. – Vol. 365, №1538. – P. 319-330.

SRSTI: 04.21.61

DOI: 10.51889/2959-6270.2025.89.1.009

Zh.Davletbayeva ¹, U.Bekish ¹, A.Zagrebin ^{1*}, L.Raisova ²

¹ Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan

² Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan

ENHANCING THE ROLE OF PUBLIC COUNCILS AS AN ANTI-CORRUPTION MECHANISM: THE CASE OF KAZAKHSTAN

Abstract

A current trend in public administration is combating corruption through mechanisms of transparency and accountability. In Kazakhstan, one such mechanism is public councils. The aim of this article is to examine the effectiveness of public councils in Kazakhstan in countering corruption. To achieve this goal, qualitative methods of data collection and analysis were applied. The study analyzed Kazakhstan's legislation on public councils for its compliance with five anti-corruption social accountability mechanisms: participatory budgeting, public monitoring, access to information, organized civil society and engagement, and media involvement. The study also reviewed the results of a focus group with members of public councils from Kazakhstan's central government bodies (12 participants). The findings revealed that the anti-corruption role of public councils in Kazakhstan remains limited. In particular, their involvement in budget formation and legislative development is minimal. The influence of public councils on government decision-making is low. Furthermore, public council members are often subjected to pressure from government bodies. Legislative changes are needed to grant councils binding powers, along with measures to protect council members from undue pressure. Increasing citizen awareness and ensuring their active participation in decision-making processes are also critically important for strengthening the role of civil society in combating corruption.

Keywords: public councils, anti-corruption, civil society, government bodies, participation